

УДК821.512.12204

РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНДЫҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ӨНЕГЕСІ

Пирназарова Ж., Сүлеймен Демирел университетінің магистранты

Резюме

В данной статье рассматриваются факты и материалы, относящиеся к жизни пророка Мухаммада. Последнему пророку, последней надежде человечества, который оставил неизгладимый след в истории с пользой для нынешней молодежи. Пророк рассматривается как пример будущему поколению.

Ключевые слова: Рабгузи, Пророк, Религия, последователь магометанской религии

Summary

This article focuses specifically in the poem Rabguzi considered the facts and materials related to the life of the Prophet Muhammad. Last prophet, the last hope of mankind, which has left an indelible mark in the history for the benefit of young people today. Here the prophet is considered as an example to future generations

Keywords: Rabguzi, Prophet, Religion, follower of Mohammedan religion

Аңдатпа. Аталмыш мақала Рабгузи қиссаларындағы адамзаттың абзалы, пайғамбарлардың соңғысы Мұхаммед (С.А.У.) арналған. Оның өнегелі өмірі кез-келген адамның санасына ой салары анық. Орта ғасырдағы Рабгузи қиссаларының да мақсаты пайғамбарлар өмірі арқылы адамзаттың адамгершілік қасиеттерін сақтап қалу.

Қай заманда да өзінің өзектілігін жоймайтын, қадірін кемітпейтін мәнді мәселе бар, ол – адамзат қауымының өз болмысына сай болуы. Түптеп келгенде бәрі де мемлекет, қоғам, қауым ішіндегі жеке адамдардың ар-ұятты, ақылды әдепті болуына байланысты келеді. Мемлекет, қоғам ішіндегі еңбек бөлінісінен туындайтын әр түрлі кәсіп, мамандық иелерінің мықты маман болудан бұрын әуелі адам болып алғаны айрықша маңызды. Өйткені жақсы, әдепті, ақылды адам ғана мықты маман бола алады. Әйтпесе біздің қоғамда қасаң, қатты, орындаушы ғана бола алатын мамандар орын алып кетуі мүмкін. Осы орайда хақ жолы – адамгершілікті насихаттаған Рабғузи кітабының қоғам қажеттілігіне айналғаны анық. Кезінде «Қисса әнбия», «Қисас-ул әнбия», дін өкілі – пайғамбарлар туралы кітап деген атауына, діни мазмұнына ғана қарап атеист қоғамның бұл тамаша туындыдан іргесін аулақ ұстап келгені белгілі. Ғылыми айналымға жетпісінші жылдардан бастап енгенімен, оның шынайы мән-маңызын, мазмұнын түгел тауысып меңгердік деп айта алмаспыз. Бұл кітаптың ғылыми ізденіс өзегіне айналуы қоғамымыздың ілгері жылжуына елеулі қолғабыс жасай алады. Материалдық байлықты жасау рухани жетілуді жүзеге

асыруда көмекші ғана, ал басты мақсат – мемлекет, қоғам мүшелерінің рухани болмысын қалыптастыру. Хақ жолы – адалдықты, ар-ұятты, мейірім-нысапты, әділетті – жалпы адмгершілікті оқиғалармен өріп, жан-жақты кең қамтып насихаттаған Рабғузи қиссалары осы міндетті орындауда таптырмас құрал бола алады. Мұнда Адам атадан, соңғы пайғамбар Мұхаммед Мұстафа (с.а.у.) ға дейін айтылады.

Қиссаларда Мұхаммед пайғамбарға қатысты біршама орын берілген. Оның дүниеге келуі, жетім қалуы, Халиманың оны емізуге алуы, ақ құс алып кетіп, көкте Жәбірейіл мен Мекайылдың көкірегін жарып, жүрегін алтын ыдыста жуып, қайта салып, көкрегін алтын инемен тігіп қоюы, Мұхаммедтің өсіп, ер жетіп, Хадишаға жалға тұрғаны, оған өзгелерден ерекше құрмет көрсетілгені т.б. көптеген мәлімет деректер оқиға жүйесімен көркем баяндалады. Өзге қиссалар секілді Мұхаммед туралы қисса да адамзатты ақырет пен иманға бейімдейді. Соңғы пайғамбар туралы қиссада тамұқтағы мұсылмандар халі таралы айтылған, оның тәлімдік, танымдық мәні зор. Қауымды иманды бола түсуге шақырады: «Ей, періште, мұсылманның бетін күйдірме, себебі сол бетімен маған сәжде жасады, құлағын күйдірме, сол құлағымен ілім мен хикмет сөзін есітті, көзін күйдірме, себебі сол көзімен кәләмуллаға (Алланың сөзіне, яғни Құранға) қарады, тілін күйдірме, сол тілімен мені бір деді, көңілін күйдірме сол көңілімен мені таниды, қолын күйдірме, сол қолымен садақа берді, аяғын күйдірме, сол аяғымен жамағатқа, ілім жиналысына келді. Тамұққа жіберудегі мақсатымыз «күйдіру үшін емес, кешіру үшін» деген жарлығы келеді» [1, 329]. Бұл айтылғандардан кемел мұсылманның өмір салты, ұстанымы, ниеті қалай болуға тиістігі көрінеді. Шәкәрім ақын айтқандай: «Ұждан екі дүниенің де азығы» [2, 2], хақ жолында болу адамды осы екі дүниеде де абыройлы, қадірлі етеді. Алланың құдіреті мен рахым мейірімі шексіз. Алланың сипаттары мен есімдері өте ұлық, сөйтсе де пендесі сол сипаттары мен есімдерін өнеге етсе, сол жолда жүрсе, жолы болады, ақыреті де қуанышты болады. Алла пенделердей шектеулі, өріссіз, өресіз емес. Ол пендесіне өте мейірімді. Оны мына үзіндіден байқаймыз: «Хақ Тағаладан: «Ей, пендем, дәптер сенікі. Күнә жасадың және өкініп «ah» дедің. Сол «ah» дегенің үшін барлық күнәнді кешірдім және күнә істеріңді құлшылыққа ауыстардым» [1, 334]. Мұндай ғажайып ғылым мен құдірет және мейірім тек бір Аллада ғана болады. Алла құлшылық етуге лайық тұлға.

Адам өміріндегі ең мәнді, ең сәнді нәрсе – сыйластық пен түсіністік, мейірім мен ықылас. Осы тұрғыдан келгенде Мұхаммед пайғамбар мен Хадишаның қарым-қатынасы, олардың шынайы ниеті, бір-бірін түсінуі, Хадишаға артық құрмет көрсетілуі – барша адамзатқа өнеге болуға лайық. Жәбірейіл мен Мұхаммед арасындағы мына сұрақ-жауаптың адамзатқа берер тәлімі мол: «Расул Жәбірейілге: Ей, Жәбірейіл, бауырым, Айшаны мен бәрінен жақсы көремін. Сен Айшаға өз сәлеміңді айтасың да, Жаратушының сәлемін

Хадишаға жеткізесің, мұның хикметі не?»- деді. Жәбірейіл: «Айша сені құрметте, пайғамбарлық пен елшілікте қабылдады. Алайда Хадиша сені кедей әрі беделің жоқ кезде қабылдады. Мал-дүниесін саған беріп, саған арнады. Сол себептен Хадишаның жолы үлкен» - деді. Мұнда адамгершілік тұрғысынан да, ақиқат тұрғысынан да рас, жөн сөз айтылған. Адам мәні сыртында емес, ішінде, ақылы мен қасиетінде. Хадиша сол ішкі мазмұнды, ақылы мен қасиетін сыртқы кедейлік ішінен көре алған ақылды әйел. Сөйтсе де адам болмысының қырсыры құпия қалтарысы өте көп. Осындайда автор қисса мазмұнын ишаралап, астыртын емеурінмен жеткізеді. Хадишаның ақылды әйел екені ақиқат, ниеті де дұрыс. Сөйтсе де әйелдік болмыста сыр беріп байқатып қоятын тұсы да бар. Мәселен, Хадиша өмірінің соңына таман Расулға адам жіберіп: «Мен саған келген уақытта алтын, күміс, мал-дүние, құл-қызметшілерден және басқа жарақтардан бөлек қырық мың қаражат бердім» дейді. Расул мұны естіген кезде көңіліне ауыр қабылдап: «Хадишаға барып, «маған малыңды өз еркіңмен бердің. Бүгін өкініп, міндетсіп отырсың ба?» деп айтыңдар», - дейді. [1, 338]. Екеуінің арасындағы осындай ой бөлісуден кейін шынында да Хадишаның сөзі көңілге ауыр тиетіндей мазмұнда, я Хадиша өз ойын дұрыс жеткізе алмаған. Мұның екінші шындығын кейінгі тілдесуден байқаймыз: « Хадиша: «Расулға айтып барыңдар мен ол сөзді міндетсініп айтып тұрған жоқпын. Алайда менің өз арманым бар. Арманым – алғаш пайғамбарлық келген кезде бүркеніп жатқан сырт киімін маған берсін, сол ақырет кебінім болсын. Тамұқ отына қалқан болсын» - дейді. Расул сол күні киімін жібереді. Хадишаға соны кебін жасайды»[1, 338]. Хадишаның пайғамбар Мұхаммедке, оның пайғамбарлығына деген құрметі осылайша көрінеді. Әрі тамұқтағы көрер қиындығын ойлап өз камын ескеру де бар. Оның үстіне пенделік өмірінде өзінде ағаттық кеткенін іштей сезінеді.

Адамзат өмірінің өзекті, өзіне ғана тән белгісі- ақыл-ойы арқылы оқуы, тануы. Өйткені ақыл-ой өзге жан иелерінде жоқ. Ақыл Алладан адамға ғана бұйырған. Сондықтан адам ақылын жұмсап әлемді және өзін тани беруі керек. Яғни тану басы – оқу. Мұхаммедке пайғамбарлық келгенде, Жәбірейілдің оған айтқан ең алғаш сөзі «Оқы» болған: «Хира тауына барып, күні бойы ойланатын. Қырық жасқа жеткен уақытта Жәбірейіл келіп, өзін Расулға көрсетіп: «Икра», яғни «оқы» деді. Расул қорқып, дірілдеп үйге келді. Ертесіне және көрді, және «Икра» («Оқы») деді» [1, 339]. Адамзат санасының кезеңдері мен түрлері мораль, дін, философия, ғылым, өнер болса – бәрін де айтуы – осы пайғамбарға айтылған «Оқы» сөзі. Өйткені адамзат оқу, білу, ойлану арқылы өзінің биік әрі өзіне ғана тән болмысын жасай алады. Жәбірейілдің соңғы пайғамбарға айтқан алғашқы ақыл, аяты: « барлық нәрсені жаратқан Жаратушының атымен оқы. Ол Жаратушының адамды бір кесек ұйыған қаннан жаратты. Оқы. Және Жаратушы бәрінен де мейірімді. Ол қаламымен үйретті. Және адамға білмеген нәрсесін үйретті» [1, 340]. Мұнда адмзат білуге тиіс ең бір өзекті де мәнді ақиқаттар

айтылған. Шынында да бәрінің бастауы - Жаратушы, содан да бәрін Жаратушы атымен бастау орынды әрі жөн болады. Алла ғана шексіз мейірімді. Содан да ол жаратып қана қоймай, жаратқандарын жарылқап несібелі етеді. Алла ғана шексіз, өлшеусіз Ақыл, Ол өлшеулі, шектеулі болмысты барша адамды тура жолға салушы.

Мұхаммед пайғамбар туралы қиссада тарихи деректілік басым көрінеді. Мысалы оның шыққан тегі туралы былай делінеді: « Алла Тағала Исмайыл ұрпағынан Кәжәнә қауымын жаратты. Және Кәжәнәдан Құрайыш тайпасын шығарды. Құрайыш тайпасынан Хашимді (руын) шығарды. Хашим руынан мені шығарды» [1, 347]. Бұл – Расул Мұхаммедтің өзі туралы айтқаны. Мұхаммед – соңғы пайғамбар. Ол адамзаттың абзалы, кемелі, үмбеттерін хақ жолына үндеуші. Оның өмірі мен адами болмысы өзгелерге үлгі. Оның жақсы қылықтарын санаса, шегі жоқ деп сипаттайды. Соның біразы мынадай: «Расул әрдайым ой үстінде болатын, әрқашан тік және айбатты болатын. Ашық жүзді, жылы сөзді еді. Жомарт, діндәр, жұмсақ көңілді. Шатақ шығармайтын, көп айыпты адамды сөкпеді, ғайбаттамады. Жақсы мінезді. Оның мәжілісі-ғылым мен аманат, ұят пен сабырдың мәжілісі болатын. Жасы үлкендерді сыйлады, жасы кішілерді құрметтеді. Ғаріптер мен пақырларды бәрінен жоғары ұстады» [1, 347]. Пайғамбарлар туралы қиссалар адамдарды кісілік пен адамгершілікке, абзалдыққа тәрбиелейтін асыл шығармалар. Аяттарда аты жақсылықпен аталатын Әбу Бәкір Сыддық туралы мынадай адамгершілікті сапалар баяндалады: « Менің үмбетімнің ішіндегі ең жұмсағы -Әбу Бәкір. Жақсылық жасауда бәрінен бұрын үлгеретін Әбу Бәкір»[1, 354]. Адамдарды иманға келтіру оңай болмаған. Пайғамбарлар осындай ізгі, игі істе біршама азаптанған. Мұхаммедті асырап алған немере ағасы Әбу Тәліп те бұл жолға иілмей келіп, мойынсынбай келіп ақырында Мұхаммедтің дінін мойындағандай болады. Ол қауымына былай дейді: « Бауырымның ұлына еріндер, ол мейлі шын сөйлесін, мейлі жалған сөйлесін, өте көркем ахлақты болуға шақырады [1, 362]. Ахлақ – көркем мінез, ізгі қасиетті танытады. Яғни Мұхаммед адамдарды адамгершілікке шақырған. Хақ жолы – ақиқат пен адамгершілік. Пайғамбарлар осы жолда өмірлерін сарп еткен. Мұхаммед пайғамбар өзге пайғамбарлардан артықша өзгеше болған. Алла Тағала Нұх пайғамбарға кеме беріп суда жүргізсе, Мұхаммедке пырақ беріп, көкте жүргізеді. Нұх өз қауымына: «Ей , Жаратушы, жер бетінде бір де бір кәпірді қалдырма» деп азап тіледі. Алайда кәпірлер Мұхаммед пайғамбардың тісін сындырып, мұрнын бұзған. Сонда да Мұхаммед пайғамбар оларға тура жол сұраған: «Ей, Алла, менің қауымымды тура жолға сал, себебі олар ешнәрсені білмейді» дейді [1, 364]. Осындай ізгі, риясыз жақсылықтар үшін ол адамзат абзалы атанған.

Адамзат қауымы үшін адамгершіліктен, хақ жолынан қасиетті, асыл ешнәрсе жоқ. Адамдардың өз болмысына, өз аты мен затына сай ететін адамгершілік болса, сол адамгершіліктің мәні, өзегі – қайырымдылық.

Қайырымдылық – жақсылық, ол өзінен гөрі өзгелердің қамын жеген ізгі іс. Яғни өзгенің қамын ойлаған қайырымдылықсыз адамгершілікті болу, адам атану мүмкін емес. Пайғамбарлардың бәрі де қауымының, үмбетінің қамын жеген абзал жандар. Олардың өздерін пайғамбар еткен Алладан сұрайтыны өз қамдары емес, үмбетінің қамы. Мұхаммед пайғамбар Миғраж сапарында Алладан қауымының жағдайын сұрайды: «Тәңірім, сұрарым – үмбет» [1, 375]. Осы тілегін Алладан қайта-қайта сұрайды. Пайғамбарды пір тұтып құрметтеуіміз – оның осындай қауым қамын жеуінен дейміз.

Соңғы пайғамбар Мұхаммед өмірінде үлгі-өнеге алар жағдайлар көп болған. Оның өмірі үмбеттерін хақ жолына салу мен ізгі, қайырымды істермен көмкерілген. Мәселен, Мұхаммед пайғамбар өмірінің соңына таман өлімі таяу екенін сезгенде қауымына: «Ей, мұсылмандар, кімнің менде дауы мен ақысы бар - дейді» [1, 423]. Осы сөзін үш рет айтқанда ғана Үкәшә деген сақаба дауы барын айтады. Бір күні Мұхаммед сапардан келе жатып түйенің үстінде түйені қамшымен ұрамын дегенде қамшының ұшы Үкәшаға тиген екен. Сонда пайғамбар қамшыны алдырып, Үкәшаға: «Мен қалай ұрсам, сен де солай ұр» дейді. Әуелі Үкәшаны мінберге шығарып, өзі төменге түседі, одан киімін шешіп, арқасын жалаңаштайды. Пайғамбар Үкәшаға кегін алу үшін осындай жағдай жасағанда, оның шексіз ізгі адам екенін танымыз. Алланың алдына қиянат арқалап кеткісі келмегені ғой. Сонда Үкәша пайғамбардың жауырынын жалаңаш көрген кезде: «Ей, Расулалла, менің мақсатым кек алу емес, жауырыныңыздағы пайғамбарлық мөрін көрсем деп едім. Енді рұқсат берсеңіз, сол мөрді сүйсем, сені кешірдім» [1, 423] дейді. Осы оқиғадан пайғамбардың да, Үкәшаның да ізгі, абзал қасиеттерін танымыз. Кейін өзгелерге көрінбей, байқалмай, пайғамбардың өзіне ғана мәлім болып келген Жәбірейіл мен Әзірейіл періштелер кіріп, қайта шығып кеткенде пайғамбар қауымына мынада тәлім-тәрбие, өнегеге толы толғанысын баяндайды: «Ей, жарандарым, құрметті достарым, ол келген Мәләку Әл –Мәуіт (өлім періштесі) бауырым Әзірейіл. Бауырым Жәбірейіл де келіп тұр, маған «Үмбетіңе сәлем айт, пайда үшін иманды қолдан бермесін. Шайтанды, қу нәпсіні қусын. Күдік пен шірікке бой алдырмасын. Пәк иманға берік болсын, өлімді ұмытпасын. Іштарлық пен көрсеқызарлықтан аулақ болсын, шарифат шарттарын толық орындасын. Дүниеге көңіл бермесін, Тәңір Тағаланың жарлығын құрметтесін. Ұл-қызға ас-нан атасы болмасын, дін исламның атасы болсын. Жауыз іс пен жаман жолдастан аулақ болсын. Бес намазды толық орындасын. Құлдың көңіліне қарап, дәруіштерге мейірімді болсын. Әлсіздерді аясын, қайғы, мұңдыларға көмектессін. Өлімге дайын болсын, қиямет ісін бітірсін» [1, 424]. Мұнда адамзат қауымына темірқазық секілді құлабыз болатын ақыл-кеңес, өсиеттер айтылған. Адамзат осы кеңестің үдесінен шығар болса, екі дүниеде де абыройы артары анық. Мұхаммед – пайғамбарлардың абзалы, биігі, соңғысы. Оның өмірі мен дін тарату жорығы, өлім алдындағы жағдайы Рабғузи киссаларында осы жайында біршама мол баяндалған. Жанын алуға келген

Өзірейілге: «Бұл күннен қияметке дейін менің үмбеттеріме жан ащылығы болса, сол ауыртпалықтарды маған бер. Сол қиындықтар маған болсын, үмбеттеріме болмасын»-деп ең соңғы сәтте де өзін емес, үмбеттерін ойлап қам жейді. Қызы Фатиманың көркем метафоралармен берілген әкеге деген сағынышты сөздері де жүрек түкпірінен шығып, жүректерге жетіп жатады: «Ей, әлем қуанышы, ей, сүйіктілер махаббаты, ей, ынтықтар сүйеніші, ей, үмбеттер сенімі, ей, күнәһарлар сүйеніші, ей, адамзаттың дәулеті, ей, әлемдегілер мейірімі, ей, хақтың ғашығы, ей, халықтың шапағатшысы» [1, 426]. Адамзат абзалының сипаты осылайша кең әрі жан-жақсы суреттелген. Теңі жоқ осындай адамзат абзалына Жәбірейіл де жетпіс мың жақын періштелерімен келіп, оған құрмет көрсетеді, көктер есігі, жұмақтар есігі ашулы, барша періштелер мұның жанын көрмекке күтіп тұрғанын хабарлайды. Пайғамбар оған қуанбай, жұбанбай, үмбетінің қамын ойлап, тіл қатады: «Ей, бауыр, мұны сұрап тұрған жоқпын. Менен кейін Жаратушы Алла менің әлсіз, күнәһар құлдарыммен қандай мәміледе болатынын сұрап тұрмын» [1, 426]. Соңғы пайғамбардың соңғы сөзі: «Намазды тастамаңдар, құлға мейірімді болыңдар» деген өсиет болады. Намазда әр адам Алла алдында құл екендігін, Алла жолында екенін, Алладан қол, көңілін де үзбегені танылса, құлға, яғни, адамдарға мейірімді болу – барша адамгершіліктің бастауын байқатады. Мейірім барда қиянат, жауыздық болмайды. Мейірім адамдарды бауыр, жақын, туыс етеді.

Рабғузи қисса соңында өз өлеңін келтірген. Өлең мазмұны қисса мазмұнының бағыт, сарынымен әрі оқиғаның түйіні есебінде жазылған:

Осы дүние ішінде көрдім бас –аяқ толған айқай...
Дүние екен бір өткінші, бағасы жоқ еш оның,
Пайдасы жоқ сол мал секілді, одан артық сасығы.

Дүние сыры мен сипаты осы, сол дүниені сәтті, тәтті, мәнді ететін – адамдар қауымының өзара ізгілігі ғана. Адамдар бұл ақиқатты көбіне ұмытып кетеді. Рабғузи осы жағын баса айтады. Өтінші дүние адамзат абзалы Мұхаммедтен де өтті.

Түйіндей айтатын болсақ, өмірде адамдардың бір-біріне жасаған қайырымдылықтары мен ізгі істері ғана өмірді мәнді-мағыналы өлшеусіз етеді.

Әдебиеттер

1. Әдеби жәдігерлер. Насируддин Бурхануддин Рабғузи. Пайғамбарлар қиссасы. Т.8. – Алматы: Таймас, 2008. – 480 б.
2. Шәкәрім шығармалары. – Алматы: Жалын, 1988 – 560 б.